Бекітемін:
Мектеп директоры: Н.Ерсейтов

## №49 "Қоңыртөбе" жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекетітк мекемесі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет бойынша жылдық жоспары 2021-2022 оқу жылы

| № | Іс-шара | Мерзімі | жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 2021-2022 оқу жылына арнал- ған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту | қыркүйек | Д.Айтқұлов |
| 2 | Бопсалау,парақорлық және басқа дасыбайлас жемқорлық көріністерін анықтау,сондай-ақ қоғамды осы құқықбұзушылық- тарға қарсы күресте неғұрлым белсенді тарту мақсатында тікелей телефон желілерін пайдалану | Жыл бойы | Мектеп директоры: Н.Ерсейтов |
| 3 | Мектеп директорының азамат- тарды жеке қабылдауын ұйым- дастыру | Кестеге сәйкес | Мектеп директоры: Н.Ерсейтов |
| 4 | Процедураларды қолдану арқылы білім сапасын бағалаудың бірыңғай жүйесіне сәйкестігі:<br>-мектеп педагогтерін аттестаттау;<br>-білім беру саласында мониторинг тік зерттеулер;<br>-статистикалық қадағалау; | Ақпан мамыр | ОІЖДО: А.Ережепова |
| 5 | Негізгі жалпы білім беру туралы мемлекеттік танылған құжаттарды қабылдау,есепке алу,сақтау,толтыру және беру тәртібіне жүйелі бақылау- ды ұйымдастыру.Лауазымды адамдардың жауапкершілігін анықтау | Жыл бойы | ОІЖДО А.Ережепова |
| 6 | Ата-аналардан ақша қаражаттарын заңсыз жинау фактілерінің алдын алуға бақылауды күшейту | Жыл бойы | Мектеп директоры: Н.Ерсейтов |
| 7 | «Адалдық сағаты» акциясын өткізу | Ай сайын | Ұйымдастырушы педагог:Б:Ешенкулов |
| 8 | «Адамды пара алуға не мәжбүр етеді?» пікірсайысы | қараша | «Ақиқат» дебат Клубы Қ.Абилдаев |
| 9 | Оқушылар арасындағы «Мен жемқорлыққа қарсымын!» тақырыбында шығармашылық жұмыс (шығарма,эссе,суреттер байқауы) 7-11 сыныптар | Желтоқсан сәуір | Сынып жетекшілері |
| 10 | Дәріс: «Сыбайлас жемқорлық.Сізге «ЖОҚ» маңызды». (10-11 сынып) | ақпан | ДТІЖО: Д.Айтқұлов |
| 11 | Сауалнама | Тоқсан сайын | ДТІЖО: Д.Айтқұлов |
| 12 | «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты мектеп кітапханасындағы кітаптар көрмесі | Жыл бойы | ДТІЖО: Д.Айтқұлов Кіт: Ш.Оспанова |

ДТІЖО: Д.Айтқұлов

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмысының есебі 2021-2022 оқу жылдары

Сыбайлас емқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары аясында жұмыс ағымдағы оқу жылында жалғастырылып, жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ, мектеп мұғалімдерімен, яғни пән бірлестіктері арасында мұғалімдермен
іскерлік ойындар, сауалнамалар алынып, баяндамалар, байқаулар ұйымдастырылып отырды.
10.03.2021 ж. «№49 "Қоңыртөбе" жалпы орта білім беретін мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесінде "Сыбайлас жемқорлықсыз ел-өркендеуші ел" тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Мектеп директоры Н.Ерсейтов жиналысты ашып берді. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Д.Айқұлов "Отбасындағы тәрбие-әдептілік бастауы" атты баяндамамен таныстырып, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін болдырмау және алдын алу мақсатында түсіндірме жұмысын жүргізіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмысы бойынша мектеп педагог - психологы Ж.Аширбаев ата-аналардан сауалнама алды.
Мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды.
Адамдардың құқықтары мен бостандықтарына байланысты, этикалық сапаны қалыптастыру;
Еңбексүйгіштікке,өмірге жасампаздықпен қарауды қалыптастыру.
Сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыру;

**Мектеп оқушыларымен жүргізілетін жұмыстар.**

. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар

Сынып жетекшілері сынып оқушыларына «Жемқорлық» туралы жалпы
мағлұматтар беріп, сурет байқаулары, әр түрлі ойындар өткізілді.
Адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттерін нығайтуда, өсіп келе жатқан ұрпақ бойындағы адалдық қасиеттерін және оқушылар арасында
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға «Адалдық алаңы» өңірлік жобасысының пайдасын тигізетіні анық. Дүкеннің сатушысыз екеніне қарамастан оқушылар адалдыққа басай отырып, қызығушылықтары ояна отырып, алған затына сай жанында тұрған қорапшаға ақшаларын салып
кетіп отырды.. Мұндай әрекеттер парасаттылық пен адалдықты тәрбиелеуге бағыттайды, жағымды моральдік қасиеттерін дамыта түседі. Бұл игі бастама өзінен кейінгілерге де, үлкендерге де өне^елі, үлгілі іс болары анық.
№49 "Қоңыртөбе" ЖОББ мектебінде 9 қыркүйек күні, сағат: 10:00 де 5-11 сынып
оқушылар аралығында "Сыбайлас жемқорлық жоқ ел - өсіп-өркендеуші

ел» негізімен жалпы жемқорлыққа қарсы іс-шара болып өтті.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл күн тәртібіндегі басты мәселе екендігі және адалдық, парасаттылық, әділдік, сенім сияқты негізгі
Мектеп оқушыларына «Адалдық сағаттары» жыл сайын дәстүрлі түрде «Білім күнінде» бастау алып, жас буынның рухани болмысын кемелдендіру үшін жыл бойы жалғасатындығы айтылды.
Мектеп бойынша қатысқандар саны: 5-11 сынып аралығында - 327 оқушы, 37 мұғалім қатысты.
Жалпы мектеп бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты іс-шарада 9-11 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен бірнеше көріністер көрсетіліп оқушылар назарына ұсынылды.
Аудандық білім бөлімі ұсынып отырған сілтемелер арқылы «Адалдық сағатына» оқушылар үнемі тартылып, қатыстырылуы қамтамасыз етіліп отырды.
Сенім телефонымен» және бірінші басшылардьң жеке қабылдау кестелері ақпараттық
стендтке орнатылды, сол сияқты жеке және заңды тұлғалар үшін «сенім телефоны» мен
арыз-шағымдарға арналған «Сенім жәшігі» мектептің екінші қабатының холына
орналастырылып, жұмыс істеуін жалғастыруда.
Сонымкен қатар жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру және кәсіби бағдарлау мақсатында «Өнегелі өмір» жобасы аясында акциясы 2022 жылы өз жалғасын тауып, өткізіліп отырды. Өйткені жоба елбасымыздың
Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалу керек міндеттердің бірі «Туған жер» бағдарламасын жүзеге асыруда маңызы зор. Келес ауданы жерінің дамуына зор үлес қосқан азаматтардың табысқа жету.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Д.Айтқұлов